



## **ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТТІГІ**

### **Жабай ҚАЛИЕВ**

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының  
жетекші ғылыми қызметкері, п.ғ.к., Астана қ.*

Көшбасшылық – кең, ауқымды ұғым. Бұл сөзді естігенде ойымызға елбасшысы болу деген ұғым оралады. Қоғамда елбасылар санаулы ғана адамдар болады. Сондықтан көшбасшы (лидер) дегенде түрлі саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың басшылығында жүретін озық ойлы, іскер, білімді азаматтарды айтуымыз керек. Ондай көшбасшылар қоғамда көп болуы керек, сонда оларға қоғамдық сұраныс болады. Сұраныс болған соң оларды мемлекеттік мекемелер оқытып және тәрбиелеп шығаруы тиіс.

«Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі», – дейді атамыз қазақ. Бала шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, тал бесіктен жер бесікке бөленгенше ұлттық негізде қалыптасқан құндылықтар мен мол рухани тәрбиені көріп, отбасылық өнегені қалыптастырып, бойына сіңіріп өседі. Отбасы тәрбиесінің бала бойындағы адами қасиеттерді қалыптастыруындағы рөлін аса жоғары деп айтуға болады. Отбасындағы екі адамның күнделікті сөздері мен іс-әрекеттері, мәдениеті, білім деңгейі, адамгершілік және басқа да ерекшеліктері мен тектілік қасиеттері баланың күнделікті өмірі мен өсіп жетілуіне айрықша ықпал етіп отырады. Отбасындағы түрлі кикілжіндер мен қақтығыстар баланың психологиялық ойлау жүйесіне, жүйкесіне әсер етіп, оның күнделікті дағдылы өмір сүру тәртібін бұзып, білім алуы мен зейін-зердесіне кері ықпалын тигізері анық. Бала отбасындағы түрлі көріністермен көз алдында өтіп жатқан әрекеттерді үнемі зейін-зердесіне тоқып, қабылдап, бақылап отырады. Отбасынан мектепке дейінгі шағы баланың толық негізде, шынайы болмысының қалыптасу кезеңі саналады. Жауһазындай жайқалып өсіп келе жатқан жас бүлдіршінге ұлттық тәрбиемен қатар атам заманнан бері келе жатқан рухани, тарихи сананы да қалыптастыру жағына да баса көңіл бөлуді естен шығармау керек.

Кеңестік кезеңдегі оқыту жүйесінің ұлттық құндылықты негіз етіп емес, керісінше одан алыстататын, өз тарихын, тілін, дінін, ділін ұмыттыратын ке-

реғар ықпалы басым болды. Әсіресе ұлттық республикалардағы білім беру жүйесі басқа ұлттарды жадынан адастырып, орыстандыру саясатын жүргізіп келсе, тәуелсіздік алғаннан бері қарай, қалыптасып қалған бұрынғы дағдыдан қол үзе бастадық. Тәуелсіз елдің жас буындарын бала бақшадан бастап ұлттық дәстүрмен ғылыми негізге ұштастырып, тәрбиелеу ісі жүйелі түрде қолға алынуда. Болашақ мемлекеттің иесі болатын жас буындарды жетілдіру бағыты мемлекеттік деңгейде іске асырылуда. Кеңестік кезеңнің соңғы жылдарындағы қайта құру мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық-нарықтық дағдарыстың күнделікті ел өміріндегі зардабын былай қойғанда, бір дәуірдің ұрпақтарын тәрбиелеудің, білім берудің орайы мен ғылыми әдістемесін әлемдік деңгейде бірге алып жүру, дамыту жағын жоғалтып алдық.

Кеңестік кезеңде қалыптасқан, сол жүйенің негізінде жасақталған оқыту әдістемесімен, жаңа заманға лайық өскелең ұрпақты тәрбиелеу, баулу мүлде қиынға келмейтін шаруа еді. Бізден көш ілгері кеткен өркениетті еуропалық мемлекеттердің бала тәрбиесіндегі, білім беру жүйесіндегі тәжірибесі мен озық үлгілерін қабылдау, бірден енгізу, қатып-семіп қалған жүйеден енді құтылған, жас тәуелсіз елге оңай тимегені анық. Дағдарыстың алғашқы кезеңіндегі қаржы тапшылығына байланысты бала бақшалармен мектепке дейінгі білім беру мекемелері орналасқан ғимараттардың жеке меншік иелеріне сатылып кетуі, дағдарыстан есін жия алмай, есі шығып отырған елге ауыр тигені жасырын емес.

Күнделікті ел өміріндегі болып жатқан өзгерістер мен қоғамды, мемлекет құраушы халықтың өскелең ұрпақтарын осы заманғы талапқа сай тәрбиелеу ісі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі саналады. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің табалдырығын аттағанша бала тәрбиесі ата-ананың қолында. Сондықтан бұл жағынан келгенде ата-ананың аса маңызды рөл атқаратыны бәрімізге белгілі. Қазақта «Баланы жастан...» деген тамаша сөз бар. Сан ғасырдан бері тұлымды ұл, бұрымды қыз тәрбиелеп, өсіріп келе жатқан дана халқымыздың бала тәрбиесі жағындағы еш халықтан кем емес аса мол құнды тәжірибесі бар. Балалық шағынан ат жалын тартып мінер азамат болған кезіне дейін, өз ұрпағының құлағына құйып отыратын өнегелі дәстүрі мен берер тәлімі мол халық. Жаугершілік, не бір қиын замандарда да халқымыз ұрпақтарын елді, жерді сүюге, үлкенді сыйлап, кішіні аялауға баулып, текті тәрбие беріп, ұл-қыздарының өжет, жүректі болуына ақыл-кеңесін беріп отырған. Халық эпостарындағы атам заманнан бері жалғасып келе жатқан аңыз-ертегілермен, кисса-дастандардағы түрлі мифтік қаһармандармен батырлардың ерлікке толы әңгімелері арқылы ұрпақтарын ауыз әдебиетінің мол рухани қазынасынан сусындатып, бала бойындағы адамгершілікпен азаматтық санасының қалыптасуы мен жетілуіне, ұлттық құндылықтарды қоса ұштастырып отырған.

Берер тәрбиесі мен өнегесі мол ақсақалдарымызбен әжелеріміздің күнделікті өмір тәжірибелерінің өзі, атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің ұрпақ зердесіне сіңуіне айрықша маңызды рөл атқарып келді. Қа-

зақ халқы бала тәрбиесінде, өскелең мұратты ұрпақ жетілдіру өнегесі жағынан мол рухани-құнды тәжірибелер жинақтаған халық. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа баулу, бейбіт тыныш заманда ел үшін пайдалы істер жасауға, жаугершілік заманда қолына қару алып елін, жерін қорғауға өз ұландарын аттандырып отырған. Ұлттық тәрбиенің берер тағылымы мен өнегесі мол болса да, әлі күнге дейін, отбасынан бастап бала бақша, мектеп қабырғасына дейінгі білім беру мекемелерінде ұлттық құндылық пен рухани қазынаны арқау еткен дәстүрлі тәрбиемен білім беруді бір-бірімен тығыз ұштастыра алмай келеміз. Жаңа заманға сай қазақы отбасылық мәдениеттің қазақ өмірінде кенже қалып, баяу дамып келе жатқаны кім-кімді де болса да қынжылтары анық. Тереңдік пен ізденіске толы жасөспірім кездегі ұрпақ санасын дұрыс білім беру мен тәрбиелеуге барынша көңіл бөлген жөн. Методикалық және қолданбалы оқыту жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, тәуелсіз елдің дамуы мен жарқын болашағына жауап бере алатын, мемлекеттің, елдің иесі болатын еркін ойлы, азаматтық позициясы қалыптасқан, санасы дамыған өскелең ұрпақты жетілдіру, тәрбиелеу, қатарға қосу, қоғам табалдырығын аттату әрбір қоғам мүшесі саналатын азаматтың міндеті. Әлемге әйгілі ұлы ойшыл Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз: «Адамға тәрбие бермей тұрып, ғылым мен білім берсеңіз, ол жүрген ортасына апат алып келеді» деп, бекерге айтқан жоқ. Қоғамдағы қасіреттің бәрі тәрбиесіздіктен туып жатыр. Ал тәрбие мәдениеті отбасында қалыптасады. Ең бірінші өнеге ол отбасынан басталатын ата-ананың балаға берер тәрбиесі болмақ. Бұл туралы «Бала әке-шешеге берілген аманат. Егер бала жақсылыққа үйретіліп жақсы мінезді болып өсетін болса, онда дүниеден де ақыретте де бақытты болады», – дейді ғалым Ибн Мискеуейх.

Тәуелсіз елдің жас буындарын отансүйгіштікке баулу тек ата-анамен ғана емес бүкіл қоғам болып атсалысатын игілікті іс саналады. Қазақстанның әлемге қанат жайып танылуы, өркендеуі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының кемеңгерлік саясатының жемісі деп айтсақ қателеспейміз. Бірнеше ғасырлық бодандық қамыты халқымызды біржолата тілінен, ділінен, дінінен айырып, ұлт ретінде жойып жібере жаздады. Патшалық Ресей мен қылышынан қан тамған қызыл империяның кесірлі саясаты ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға, ұлттық болмысымызды айқындауға, өз тілінде білім алуына, ұлт ретінде көркейіп-гүлденуіне барынша кесе-көлденең болып келді. Сүреңсіз сұрқай заманның, отарлық боданның зардабын ұлт ретінде аяусыз тартып келдік. Ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан дәстүрлі тәрбиемен рухтан көз жазып қалдық. Балаға өз тілінде тәрбие бере алмайтын, әдет-ғұрпын, салт-санасын түсіндіре алмайтын бейшара тағдырды бастан кештік.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары да, отаршылдық, құлдық психологиядан арыла алмаған буынның әсері жас мемлекеттің, кейінгі есейіп келе жатқан өскелең ұрпақтарына да аз зардабын тигізіп отырған жоқ. Жастарды ішкі-сыртқы күштердің ақпараттық-психологиялық және адамгершілікке жат пиғылдағы түрлі діни-секталардың, ағымдардың шабуылынан қорғау жағы бізде тым баяу жүруде. Мектеп қабырғасынан алатын тәрбиемен қоғамдық, әлеуметтік сана бір бағытқа түйісе алмады. Оқытудың тәрбие берушілік функциясы өз

денгейінде емес. Кәмелетке толмаған балалардың нашақорлыққа, жыныстық әуесқойлыққа баруы адам жанын түршіктіретін проблемалардың біріне айналды. К. Тұрмысханұлы өзінің «Баланы жастан...» атты мақаласында: «Тәлім-тәрбиені ата дәстүр, әдет-ғұрып, ырым, наным, сенім, өсиет, қағида, діни тәрбиеге тығыз байланысты етіп ұштастыратын болсақ тіпті тамаша болады», десе Ұлы неміс ойшылы Гегель: «Балаға ойлағанын істейтін мүмкіндік беру – тәрбиенің ең жаман тәсілі» дейді.

Атақты педагог В.А. Сухомлинский: «Заңға, тәртіпке, қоғам нормасына бағына біл, дүниедегі ең парасатты нәрсе заңға бағына білу, ал, мұның өзі еркіндіктің бір көрінісі. Занды бұзуға болмайтындығын жас жеткіншектерге ескертіп отырған абзал. Дұрыс тәрбие адамның өзін түзейді. Ал, теріс тәрбие адамды бұзады, тоздырады» деп жақсы айтқан.

Үйлесім мен сәйкестік таппаған, бір-бірінен алшақ кеткен ата-ана, мектеп, қоғам болып бір бағытта жұмыс істеу мәселесі кеңінен жолға қойылмай тұр. Педагогикалық ғылыми-зерттеу институттарының қоғам өміріндегі маңызын айрықша атап өтетін болсақ, олардың жалпы бала тәрбиелеудің, өскелең ұрпақты өмірге дайындаудың ауыр жүгін бірлесе көтеруге белсене кірісетін уақыты әлдеқашан жетті. Адамды ең бірінші адамгершілік және отансүйгіштік санада тәрбиелемей тұрып басқаша білім берудің өте қауіпті екенін әлемге әйгілі ғалымдар, гуманистер айтып отыр. Көшбасшылық сана мен сезімнің бір күннің ішінде ұрпақ санасына қона салмайтыны белгілі. Ол үшін бүкіл қоғам, мемлекет болып атсалысуы керек.

Баланы өз ана тілінен бастап оқытудан сырт, ұлттық әдет-ғұрыптар мен қоса, сан ғасырлық жалғасып келе жатқан бабалар тарихынан да мағлұматтар беріп, тарихи сананы да жас буынның зердесіне құя білген жөн. Тәуелсіз елдің ғұмырлы шежіресін жазар, келешек елдің кемел ұрпақтары екені даусыз. Алайда мектептерде және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жат ділдің болуына жол бермей, еркін, ашық қоғамда саналы, білімді өскелең ұрпақтың өсіп-жетуіне барлық мүмкіндікті жасауға тиіспіз.

Сонымен бірге Қазақстанда жаңа демократиялық құрылым жағдайында оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуде аса маңызды қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері және Отанымыздың ұлт саясатына қатысты келелі ой-пікірлер, осыған орай қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуынан туындап отырған «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм», «ұлтжандылық» секілді ұғымдардың педагогикалық мәнін ашып түсіндіру қажет.

Саяси көшбасшылықты зерделеу мәселесі бүгінгі уақытта саяси үдерістерді сараптаудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінде әрбір адамға қажетті көшбасшылық қасиеттің негізі бала күннен басталады және алдымен отбасы мен мектепте тәрбиеленеді деп саналады. Бұл институттар жасөспірімнің бойында көшбасшылық қасиеттерді дамытуға мүдделі болып табылатын болғандықтан бала-көшбасшы тұлғасын қалыптастыру ісінде отбасы мен мектеп әлеуетін зерттеу мәселесінің өзектілігін арттыра түседі. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тұлғасына деген қызығушылық зор және ол арта түсуде. Солай бола тұра, оның өмір

жолына арналған түбегейлі қолданбалы зерттеулер жетіспейді. Н.Ә. Назарбаев өнегесінің құндылығы Қазақстанның ұлттық ерекшелігі жағдайында Ұлт Көшбасшысы тұлғасы қалыптасуының бірегей методологиясын ұсынуында. Қазақстан Республикасында Елбасы бастамасымен «Назарбаев зияткерлік мектептері» осының бір үлгісі. Бұл мектептерде болашақ ұлттық элитаның өкілдері заман талабына сай білім мен тәрбие алуа.

Тар шеңбермен утопиялық көзқарастан арылуды ең бірінші өзімізден бастағанымыз дұрысырақ шығар. «Өзінде бір шелек суы жоқ адамның басқаға бір бақыр су бере алмайтынын» ойласақ, құлдық, отаршылық санадан, өзіміз бас болып тазаруымыз керек. Білім берумен тәрбиені ұштастыра отырып, өскелең ұрпақты қоғамдық институттардың құнды, көзқарастарымен де, әлемдік тәжірибе негізінде де жан-жақтылы тарбиелеудің түрлі жолдары бар екенін де естен шығармаған дұрыс.

Адамзаттық ұлы өркениет пен жетістікті ұрпақ тәрбиесімен байланыстыра отырып тарбиелеу еуропалық елдердің оқыту жүйесінде кеңінен жолға қойылған. Тәуелсіз елдің өскелең ұрпағын отансүйгіштікке, лидерлік қасиетке баулудың, тарбиелеудің мемлекеттік механизмін қалыптастыру бүгінгі күннің тақырыбындағы өзекті мәселелердің бірі саналады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», – дейді атамыз қазақ. Бағыстың демократиялық, озық ұлттық құндылықтары мен қоса мәдениетімізге, күнделікті өмірімізге еніп келе жатқан жат ділден қазіргі жас буынды қорғап, аман сақтап қалу, ұлттық тәрбиемен салт-дәстүрімізге келмейтін, құрлықаралық бөгде мәдениет, сана-сезім, діни сенімдер жегі құрттай кеулеп, қоғамдық, әлеуметтік құндылықтарды бүлдіріп күйретіп кетуі ғажап емес. Бағыстың, басқа елдердің мәдениеті мен құндылықтарын жарнамалайтын, біздің ұлтымыздың дәстүрінде жоқ дүниені үгіттейтін, жыныстық қатынасқа, кісі өлтіру, қарақшылық жасау сияқты көріністерді кино-экрандардан көрсетуге тыйым салу керек. Атам заманнан бері қалыптасып келе жатқан дәстүр мен құндылықтан бас тартатын, өз ұлтына, мәдениетіне жирене қарайтын ұрпақты болдырмаудың жолын бүкіл қоғам, ұлт және мемлекет болып атсалысып, қарастыруымыз керек.

«Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс», – дейді В.Г. Белинский. Нарықтық қатынаспен ілесе келетін болжаусыз, бағдарсыз, құнсыз дүниелердің қиратушы, ойрандаушы жағы бар екенін естен шығармауымыз керек. Бұл туралы ұлы ақын Абайдың:

*«Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба.  
Құмарланып шаттанба  
Ойнап босқа күлуге...  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз,  
Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз,*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шаппақ  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой –  
Бес асыл іс көнсеңіз..., –*

деген өлең жолдары еріксіз еске түседі. Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. «Адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет», – деп ұлы данышпанның айтып кеткен мол тағылымдары мен насихаттары келешек ұрпақтың, жадында мәңгілік нық сақталатын қайталанбас рух пен жігерге толы екені баршамызға да аян.

Міне сондықтан да халқымыздың ұлт ретіндегі ғасырлар, тіпті мыңжылдықтыр бойы қалыптасу, өркендеу кезеңіндегі жас ұрпақ тәрбиесінің тарихын үнемі насихаттауда Отан тарихы пәніне үлкен міндеттер жүктелетіні анық.

Осы тұрғыдан алғанда еліміздің болашағы – жастардың бойында ұлттық тәрбиеміздің бай мұрасын игере отыра Отбасына, Отанға, Ел болашағына деген жауапкершіліктері арта түседі деп есептейміз.